

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Қалалық білім бөлімі» ММ
Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Ақтөбе қаласы 31.05.2024ж

Жаңа Ясный тұрғын үй алабы, № 99А құрылыс

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 20 ақпанмен бекітілген білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өтетін кестесі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсан № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» және 2024 жылғы 01 наурыз күні өткізілген педкеңестің №4 хаттамасының шешімі негізінде Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 01.03 № 36-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Абдығалиева Гульдария Болатбековна	Мектеп-гимназия директоры, комиссия төрағасы
2	Ақжанова Г.С	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Маулинбердина Г.Р	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, физика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Аймурзина Г.А	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Турекулова Л.Т	Директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Самиева Қ.Т	Директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
7	Сафина В.Н	Бастауыш кластар бойынша бірлестік жетекшісі, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
8	Крамбаева А.У	Директордың ШЖ орынбасары, комиссия мүшесі
9	Джанзакова А.Ж	Информатика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
10	Атаева Г.Б	Информатика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
11	Наурызбаева А.Б	Бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектеп-гимназияның қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
<p style="text-align: center;">Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен жайы)</p> <p>«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің «Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030000, Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Ясный тұрғын үй алабы, Жаңа Ясный тұрғын үй алабы, 99А</p>
<p style="text-align: center;">Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)</p> <p>Телефон: 8-(7132)-45-81-40 Факс: 8-(7132)-45-81-40 Электронды пошта: 41-mektep@aktgoroo.kz ; сайт: https://sh41-aktobe.edu.kz/</p>
<p style="text-align: center;">Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)</p> <p>Абдыгалиева Гульдария Болатбековна «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ-нің 2022 жылғы 26 тамыз №211 Бұйрығымен мектеп-гимназия директоры болып ротация тәртібімен тағайындалған. Ұялы телефоны : 87014016678</p>
<p style="text-align: center;">Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар</p> <p>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 7 маусымда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 07.10.2005 жыл, БСН - 051040003095. Құрылтайшысы: Ақтөбе облысының әкімдігі, Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназия жарғысы 2021 жылы 31 мамырда №179 қаулысымен бекітілген.</p>
<p style="text-align: center;">Рұқсат етуші құжаттар</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны №KZ83RVK00023631 2020 жылы 27 сәуірде берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 26.03.2024 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ23LAA00036259 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.</p>
<p style="text-align: center;">2. Кадрлық құрамға талдау</p> <p>«Фариза Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясы» комуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.</p> <p>1. Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары 2 жиынтық сынып жұмыс жасаған. 2023 – 2024 оқу жылында мектептің тығыздылығына сәйкес, контингенттің көбеюіне байланысты мектепалды даярлық сыныбын жабуға тура келді. Б.№ 02 – 03/1105 30.05.2023ж. Педагог кадрлар саны – 2 тәрбиеші жұмыс жасаған. 1-і жоғары білімді, 1-і арнаулы орта білімді. Педагогтардың санаты жоқ.</p> <p>Осылайша 1 педагогтың диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша қызметін атқарып жүр. ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылы 13 шілдедегі №338 Бұйрығымен бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 5-параграф 24 тармақ Біліктілікке қойылатын талаптарына мектепалды даярлық сыныптарында «Педагогика және бастауыш мектеп оқыту» мамандығы бойынша сабақ бере алатындығы көрсетілген. Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагогтар өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарын өтіп отырған. Педагогтардың сапалық құрамы 100%</p>

№	Мұғалімнің аты-жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Жанахметова Жанна Жамиғұллақызы	Бастауыш сыныптарда оқыту	11 жыл	-	«Мектепке дейінгі ұйымның сапасын бағалау негізінде заттық-кеңістік дамытушы ортасын жобалау» 08.02 – 19.02.2021ж 72 сағ
2	Муситова Мадина Бауыржановна	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»	4 жыл	-	Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педогогтарының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат 10.08.2021ж

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы Ф.Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясының ресми сайтында <https://sh41-aktobe.edu.kz> орналыстырылған.

3.Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепте 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары 2 мектепалды даярлық сыныптары жасақталған. 2021-2022 оқу жылында 46 тәрбиеленуші, 2022-2023 оқу жылында 45 тәрбиеленуші білім алған. **2023 – 2024 оқу жылында мектептің тығыздылығына сәйкес, контингенттің ұлғаюына байланысты мектепалды даярлық сыныбының жұмысы тоқтатылды. Б.№ 02 – 03/1105 30.05.2023ж.** мектеп-гимназияның негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепалды даярлық сыныптарына тәрбиеленушілер жинақталған. Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданады, әр топта 25 балаладан артық емес етіп жинақталған. Ата-аналар (занды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» негізінде жасалатын шартпен реттелген. Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттеліп отырған.

Мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару 2022-2023 оқу жылының 31 мамырда жүзеге асырылған.
Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптары сақталған. Мектеп-гимназияның тәрбиеленушілерін есепке алуды

ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, шағын аудан тәрбиеленушілер оқыту мен қамту мәселелері – мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында. Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі, қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақтылы шығару, барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Зерделеу барысында:

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып бекітілген. Аталған оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары талапқа сай құрылған. Мектепалды даярлық класының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

Мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық»-3 сағат, «Қатынас»-6 сағат, «Таным»-2,5 сағат, «Шығармашылық»-5 сағат, «Әлеумет»-1 сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 17 сағат, вариативтік компонент курстары барлығы аптасына – 3 сағатты құрайды:

«Ана тілім – дара тілім» - аптасына 1 сағат, жылына 32 сағат.

Бағдарламаның мақсаты:

- Балалардың дүниетанымын кеңейту;
- Дұрыс байланыстырып сөйлеуге, дыбыстарды ажырата білуге үйрету;
- Өз ойын еркін жеткізе алуға тәрбиелеу.

«Мейірімділік пен әділдік мекені» - аптасына 1 сағат, жылына 32 сағат.

Бағдарламаның мақсаты:

- Тәрбиеленушінің бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату;
- Жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету;
- Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту,
- Адамгершілікке, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

«Жаратылыс пән терминдері» - аптасына 1 сағат, жылына 32 сағат.

Бағдарламаның мақсаты:

- Қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру;
- Күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау;
-

Апталық – 20 сағат, жылдық 660 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – 25-30 минут. Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып, мектеп-гимназия директорымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылындағы мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарты» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» -на сәйкес құрылған және бекітілген.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 25-30 минуттан құралған. Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында:

«Физикалық қасиеттерді дамыту»:

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесі қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды. Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптастырылды.

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Зерделеу кезінде 2021-2022 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты

жоспарлағаны анықталды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны – «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің сабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепішілік жалпы саяхат, мектепішілік кітіпханаға саяхат, мектепішілік акт залына саяхат, мектепішілік асханаға саяхат т.б.), педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасақталған.

2022-2023 оқу жылындағы мектепалды даярлық сыныбындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» I-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдылары, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдылырын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың

шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, казак тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік акт залына саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б), педогогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес.

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2021-2022 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі – заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-тараудың 2-тармағының 6-тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 3 қабатты, кабинеттер бар, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде Ф.Оңғарсынова атындағы №41 мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылында жиһаздармен, ойыншықтармен толықтырылған. Жиһаздар, ойыншықтар қосымша таблицалармен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 84 шаршы метр. Оқу залы – 1, отыратын орындар саны - 10. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)**

Мектепте штаттық кесте бойынша екі кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі: Даулет Гульнар, білімі: жоғары (аяқталмаған). Ақтөбе гуманитарлық колледжі, кітапхана ісі. 2011-2013ж. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті 2021ж, кітапхана ісі. Еңбек өтілі-41 жыл

Даулет Гульнар «Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық» тақырыбы бойынша курстан өткен 28.08-08.09.2023ж (80 сағат) тіркеу №0642074.

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-33497; Оның ішінде: Оқулық-27665, Әдістемелік-96 дана

Негізгі қор-5832 дана

Қазақ тілінде- 2712 - 95% ; Орыс тілінде-25 дана; Ағылшын тілінде-25 дана

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы - 84 шаршы метр; Оқу залы мен абонемент залы бірге - 64 ш/м; Оқулықтар қоймасы- 20 ш/м

Буккроссинг алаңы, оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған.

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Компьютер-8.

Оның ішінде:

Оқырманға- 8 компьютер.

Автоматизация -жоқ

Кітапханашыға-1 компьютер

Интернетке қосылған

Автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйе жоқ

Каталогизация, қажет кітапты іздеу, кітаптың сипаттама карточкасын шығару - жоқ

Электронды каталог бар.

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

2021-2022 оқу жылы. Республикалық «Kids book» кітап фестивалі

2023ж. Қалалық семинар біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша «Абай ақиқаты» семинар

Қалалық «Қожа Ахмет Яссауи тағылымы» конференция

Марапаттар: 2021ж. Ақтөбе қаласы білім бөлімі «Алқыс хат»

2022 ж. «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» «Алғыс хат»

2023ж «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Алғыс хат»

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшем шарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектің № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік

оқу бағдарламасы мазмұнды қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамудың, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері-балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау:

-әңгімелеу:

-балалардың салған суреттерін, қолдан жасалған бұйымдарын талдау және тағы басқалар. Жетекші әдіс- бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

-бастапқы-қыркүйек:

-аралық-қаңтарда:

-қорытынды-мамырда жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім,білік,дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылық қолданады, деңгейлерін игерген. Жиынтық есеп жүргізіп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген. 2020-2023 оқу жылының 2 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының төмен деңгейдегі балалардың көрсеткіші 76 %, орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші -24 %:

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке адамның жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы


9.Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Мектепалды даярлық сыныбында педагогтердің кәсіби шеберлігін шыңдауды қажет етеді.
2. Заттық-кеңістік дамытушы ортасын жетілдіру.
3. Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыру.
4. Мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру.

10. Қорытынды мен ұсыныстар.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

Комиссия төрайымы


(қолы)

Абдығалиева Гульдария Болатбековна

Комиссия мүшелері:


қолы

Ақжанова Гүлнара Серғазықызы
(толық аты- жөні)


қолы

Маулинбердина Гульбану Рахатовна
(толық аты- жөні)



Аймурзина Гульназ Аскарровна

қолы

(толық аты- жөні)

Түркі
қолы

Турекулова Лида Туребековна
(толық аты- жөні)

Самиева
қолы

Самиева Құралай Табынқызы
(толық аты- жөні)

Сафина
қолы

Сафина Венера Нурсултановна
(толық аты- жөні)

Крамбаева
қолы

Крамбаева Айнагуль Утегеновна
(толық аты- жөні)

Джанзакова
қолы

Джанзакова Айгерим Джасжановна
(толық аты- жөні)

Атаева
қолы

Атаева Гүлейхан Бауржановна
(толық аты- жөні)

Наурызбаева
қолы

Наурызбаева Айнұр Бакытжанқызы
(толық аты- жөні)